БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ – АДАМНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ...

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының газеті

# ЖАС Ұрпақ

№ 03 (101), 2025 ж. қыркүйек

# 1 қыркүйек – жаңа оқу жылының жарқын бастамасы

**2025 жылдың 1 қыркүйек күні Амангелді Құсайынұлы Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында Білім күніне арналған салтанатты жиын өтті. Дәстүрге айналған бұл шара биыл ерекше мәнге ие болды – институт өзінің 30 жылдық мерейтойын қарсы алып отыр.**



Салтанатты шара мемлекеттік Әнұранмен басталып, институт ректоры, профессор Нұрбану Төкенқызы Нығыманова жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар Құрылтайшылар кеңесінің төрайымы Раушан Усипбаевна Бейсенова сөз сөйлеп, студенттерге шабыт пен жігер беретін жүрекжарды тілегін жеткізді. Салтанатты шараның ең әсерлі сәттерінің бірі – Құсайыновтар әулетінің жас тарихшыларға жасаған қолдауы болды. Раушан Усипбаевна «Тарих» мамандығына биыл қабылданған 1-курс студенттері үшін арнайы қосымша грант – **Академик Амангелді Құсайынов атындағы гранттың** – бөлінгенін зор қуанышпен жариялады.

Жиын барысында институттың талантты жастары өнер көрсетіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Музыкалық нөмірлер, әсем әндер студенттердің мерейін өсірді.

Айрықша сәттердің бірі – ректор гранттары мен Президенттік шәкіртақы иегерін марапаттау болды. Институт деканы, доцент Т.Н. Кемайкина 2025-2026 оқу жылының бірінші семестріне тағайындалған ҚР Президентінің атаулы стипендиясының иегері «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті Құламан Анельді құттықтады.

Биыл 6 талапкер ректор грантының иегері атанып, жас ізденушілердің жаңа белестерді бағындыруына жол ашылды. **Ректор грантының иегерлері:**

• Зейлбекова Диана Ермаханқызы – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы;

• Ерланұлы Абдуррахман – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы;

• Алтынбекова Дана Әубәкіровна – «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы;

• Смаилбекова Мақпал Аблаевна – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы;

• Болатова Диана Асхатовна – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы;

• Бакенова Махаббат Талғатқызы – «Аударма ісі» білім беру бағдарламасы;

Сонымен қатар, белсенді студенттер мен үздік оқытушылар да марапатталып, «Үздік куратор», «Үздік академиялық топ», «Үздік студент», «Үздік топ басшысы» аталымдары бойынша жеңімпаздар анықталды.

**«Үздік куратор – 2025» аталымы бойынша:**

• Мусынова Гаухар Еслямбековна («Құқық пәндері» кафедрасы)

• Дауренбекова Лаура Ноғайбекқызы («Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы)

• Давлетова Салтанат Есенғалиевна («Шетел тілдері және аударма ісі» кафедрасы)

• Жармаханова Гүлсұлу Ескермесовна («Педагогика және тарих» кафедрасы)

**«Үздік академиялық топ – 2025»** аталымы бойынша:

• ИЯ-23-01 тобы («Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы, топ басшысы Даулет Айым Асқарқызы, кураторы Султанова Айгуль Амиргалиевна)

• ЮҚ-24-01 тобы («Құқықтану» білім беру бағдарламасы, топ басшысы Ермекова Гульназ Жандарбекқызы, кураторы Тортаева Ақмарал Эльбрусовна);

• ҚТ-22-01 тобы («Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, топ басшысы Жұмағұл Сабина Жайдарқызы, кураторы Райнбекова Гүлмира Сайлаубаевна);

• ҚЭТ-24-01 тобы («Қаржы» білім беру бағдарламасы, топ басшысы Кусаинова Сабина Мухтаровна, кураторы Қожахметова Асемгуль Гизатовна).

**«Үздік студент – 2025»** аталымы бойынша:

• Нурпиисова Дарина Қайратовна – «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті;

• Хван Миён Алексеевна – «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті;

• Ахметова Алина Серкбаевна – «Қаржы» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті.

**«Үздік топ басшысы – 2025»** аталымы бойынша жеңімпаз болып «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Васьковский Владислав Валерьевич атанды.

Салтанатты шара соңында институт жастары жоғары оқу орынның негізін қалаған А.Қ. Құсайыновтың рухына тағзым етіп, мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қойды.

Жаңа оқу жылы жаңа үміттер мен тың жетістіктерге бастайтыны сөзсіз. ЕАГИ ұжымы мен студенттері биылғы оқу жылында да үлкен табыстарға жете беретініне сенім мол.

**А.Т. Сандыбаева,**
**педагогика ғылымдарының магистрі,**
**тәрбие ісі жөніндегі проректор м.а.**







## ХРОНИКА в Жас ұрпақ

### АВГУСТ

**27 августа** состоялась установочная конференция по производственной практике для студентов группы ИЯ-22-01

### СЕНТЯБРЬ

**1 сентября** состоялось торжественное мероприятие, посвящённое началу нового учебного года.

**1 сентября** состоялась встреча студентов и куратора из Индонезии с руководством и учредителями ЕАГИ.

**С 1 по 6 сентября** прошла Ориентационная неделя для первокурсников.

**С 1 сентября** студенты группы ШТТ-23-01 начали проходить производственно-педагогическую практику в школе-лицее № 37 имени С. Мауленова

**2 сентября** профессор, PhD Фика Мегавати (Индонезия) прочитала лекцию на тему: «Exploring Cultural Awareness through Digital Storytelling in Language Learning» для студентов ОП «Иностранный язык: два иностранных языка» и «Переводческое дело».

**2 сентября** студенты-менторы кафедры иностранных языков и переводческого дела Құламан Анеля и Камалова Алия организовали и провели в интерактивном формате для первокурсников знакомство с кафедрой.

**3 сентября**, в преддверии 30-летнего юбилея ЕАГИ, прошло торжественное вручение образовательного гранта имени академика Амангельды Кусаинова. Обладателем награды стала студент группы Т-25-02 Ермекқызы Гүлім.

**2-3 сентября** для студентов 1 курса прошли информационные сессии, организованные коллективом библиотеки.

**4 сентября** состоялась встреча ректора, к.п.н., профессора Ныгымановой Н.Т., проректора по академической работе и стратегическому развитию, к.ф.н., профессора Загатовой С. Б. и декана, к.п.н., профессора Кемайкиной Т. Н. со студентами первого курса.

**4 сентября** состоялась встреча студентов с Министром просвещения Гани Бейсембаевым. ЕАГИ представлял студент 1 курса ОП «История» Малбағаров Аңсаған Жәнібекұлы.

**9 сентября** были проведены кураторские часы для студентов групп ШТ-25-01, ШТ-25-05 по обсуждению Послания Президента Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Казахстан в эпоху искусственного интеллекта: актуальные задачи и их решения через цифровую трансформацию».

**9 сентября** студенты ОП «Дошкольное воспитание и обучение» приняли участие в городском семинаре на тему: «Мектеп жасына дейінгі балаларда Ұлттық кодты қалыптастыру» в детском саду № 69 «Еркем-ай» акимата города Астаны.

**9 сентября** стартовал учебный процесс у студентов, поступивших в текущем учебном году на военную кафедру.

**10 сентября** состоялась встреча руководства института и служб с проживающими в общежитии студентами.

*(Окончание на 4 стр.). Начало.*

## *Мың алғыс, оқу ордасы!*

Маған көрсеткен зор сенімі мен қолдауы үшін өзім оқитын білім шаңырағына айрықша алғысымды білдіремін. А.К.Құсайынов атындағы білім грантына ие болу – менің өмірімдегі ең қуанышты әрі маңызды сәттердің бірі болды. Бұл – тек материалдық қолдау ғана емес, ең әуелі маған артылған сенім, ынталандыру, жігер беретін ерекше сый.



А.К. Құсайынов атындағы институттың 30 жылдық мерейтойы қарсаңында бұл гранттың алғаш рет тағайындалуы – ерекше тарихи оқиға. Мерейлі мерекеге орай жасалған игі бастаманың алғашқы иегері атану – мен үшін үлкен мақтаныш әрі зор жауапкершілік. Бұл дәстүр алдағы уақытта да жалғасын тауып, көптеген студенттің арманына қанат бітіреді деп сенемін.

Жастарға жол ашып, олардың келешегіне қамқорлық жасау – үлкен жүрек пен парасаттылықтың белгісі. Сіздердің осындай игі істеріңіз арқылы көптеген студент өз арманын жүзеге асыруға мүмкіндік алуда. Мен үшін А.К. Құсайынов есімі – еңбегімен елге танылған, ұлт болашағына қызмет еткен асыл азаматтың бейнесін білдіреді. Оның атындағы грант иегері болу – мәртебе әрі сенімге лайық болуға жетелейтін зор міндет.

Бұл грант менің тек білім алу жолымды жалғастыруға ғана емес, сонымен қатар елге пайдалы азамат болуға деген талпынысымды күшейтті. Бұл қолдау – менің үмітімді ақтап, үздік нәтиже көрсетуге, білімімді тереңдетуге, болашағыма сеніммен қарауға шабыттандырды. Әрбір студент үшін мұндай демеу – қанат бітірумен тең.

Мен өзімнің бар білімім мен күш-жігерімді сарқа жұмсап, болашақта елге қызмет етуді, халқымыздың дамуына өз үлесімді қосуды басты мақсатым деп білемін. Алдағы уақытта алған білімімді халық игілігіне жаратып, ұстаздардың сенімін толық ақтауға тырысамын.

Институтыма шынайы алғысымды білдіремін!

**Ізгі тілекпен,**
**Ермекқызы Гүлім**
**Т-25-02 тобының студенті**

## Ағылшын тілі – миссия: доцент Фика Мегаватимен сұхбат

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында Индонезиядағы Мұхаммедия Сидоарджо университетінің доценті Фика Мегаватимен сұхбат өтті. Ғалым ағылшын тілін оқытуға академиялық мансабын толық арнап, тәжірибесімен, ғылыми нәтижелерімен және болашақ жоспарларымен бөлісті.

Доктор Мегавати бакалавриат, магистратура және докторантураны Маланг мемлекеттік университетінде тәмамдап, ағылшын тілін оқыту әдістемесін зерттеуге бағытталды. Ол мұғалімдерді даярлау ісінің маңыздылығын және білім беру бағдарламаларын үздіксіз жетілдіру қажеттігін атап өтті.

УМСИДА-дағы ағылшын тілін оқыту бағдарламасының жетекшісі ретінде профессор оқу жоспарындағы басты басымдықтарды атады: технологияларды енгізу, педагогтардың кәсіби сенімділігін арттыру және ғылыми нәтижелерді практикада қолдану. «Зерттеу жұмысы мұғалім мен оқушыға пайда әкелгенде ғана шынайы құндылыққа ие болады», – деді ол.

Сұхбат соңында доктор Фика Мегавати ЕАГИ-ге жылы қабылдағаны үшін ризашылығын білдіріп, Қазақстан мен Индонезия арасындағы академиялық ынтымақтастықтың болашағына сенім артты. Материал халықаралық ынтымақтастық және интернационалдандыру департаментінің директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор С.А. Мейрамованың жетекшілігімен дайындалды.

**Камалова Алия**
**ЕАГИ баспасөз**
**орталығы ИЯТ 23-01**



Начало на 1 стр.

## ХРОНИКА в Жас ұрпақ

**11 сентября** в ЕАГИ для студентов 2 курса состоялся семинар-тренинг, приуроченный к Национальному Дню семьи, организованный совместно с Отделом профилактики и социально-психологической помощи и МЦЗ «ЖасТолқын» городской поликлиники №3.

**11-12 сентября** состоялся традиционный ежегодный кастинг талантов среди студентов. Мероприятие было организовано председателем Комитета по делам молодежи Н.М. Шынберген.

**12 сентября** прошла сессия, посвящённая возможностям академической мобильности. Её провели студенты, вернувшиеся из обучения в Турции, Эстонии и Индонезии.

**17 сентября** состоялась встреча студентов с экспертами. Старший инспектор Управления полиции района Есиль Молдабаева Ж.Ж. рассказала о профилактике семейно-бытового насилия, а руководитель ОЮЛ «Казахстанская ассоциация «Даму» Анар Арғынқызы – о развитии общественных инициатив и роли НПО.

**17 сентября** студенты группы ШТ-23-02 посетили спектакль «Қызыл орамалды шынарым», прошедший в Казахском национальном драматическом театре имени К. Куанышбаева.

**19 сентября** для студентов групп ҚТ-25-01, ҚТ-25-03 был проведен кураторский час на тему: «Ұлтты оятқан ұлы тұлға»

**20 сентября** в рамках экологической акции «Таза Қазақстан. Астана – образец чистоты и порядка» прошел общегородской субботник.

**23 сентября** для студентов групп Қ-25-01, ҚЭТ-25-01, Қ-24-01, ҚЭТ-24-01, Қ-23-01 был проведен кураторский час на тему: «Послание – путь в будущее страны»

**24 сентября** для индонезийских студентов, обучающихся на кафедре иностранных языков и переводческого дела, была организована поездка в Боровое.

**24 сентября** студенты группы ҚТ-23-01 провели праздничный вечер «Тілім менің – тірлігімнің айғағы», посвященный Дню языков народа Казахстана.

**25 сентября** Спортивным клубом ЕАГИ, Комитетом по делам молодежи, фракцией спорта и здорового образа жизни Студенческого Парламента ЕАГИ совместно с Управлением по противодействию наркопреступности Департамента полиции г. Астаны был проведен турнир по мини-футболу, приуроченный к 30-летию института.

**26 сентября** – участие в VIII Евразийском форуме по обеспечению качества в высшем образовании на тему: «Стратегии под давлением: новые технологии и вызовы для университетов».

**Материалы рубрики подготовлены руководителем пресс-центра ЕАГИ Т.Г. Калиаскаровой**

## *Центр непрерывного образования «ЕАГИ-БІЛІМ»*



Наш центр – это площадка для тех, кто стремится к постоянному развитию и расширению своих профессиональных и личных горизонтов.

Наша главная миссия – предоставить доступное и качественное образование на протяжении всей жизни.

Основной целью деятельности Центра является создание условий для реализации платных образовательных услуг в повышении квалификации, педагогической переподготовке, языковой подготовке.

Согласно Закону Республики Казахстан «Об образовании» в Евразийском гуманитарном институте имени А.Кусаинова созданы условия для получения дополнительного объема знаний и навыков в соответствии с происходящими социально-экономическими изменениями в обществе. В нашем центре вы найдёте широкий спектр образовательных программ. Хотите выучить иностранный язык для путешествий или работы? Мы предлагаем курсы для разных уровней подготовки.

Для тех, кто хочет обновить свои знания в профессиональной сфере, мы предлагаем специализированные программы, разработанные с учётом актуальных требований рынка.

Курсы по переподготовке: в данное время мы готовим документы для включения образовательной программы в реестр ЕРVО, что позволит нам проводить курсы педагогической переподготовки. Это отличная возможность для тех, кто хочет сменить профессию или получить дополнительную специализацию.

Преимуществами нашего обучения являются:

- высокое качество организации и проведения учебного процесса;
- оперативное формирование групп по мере поступления заявок;
- максимальное удовлетворение требований заказчика;
- разнообразие форм и методов обучения.

Следите за нашими новостями, чтобы не пропустить старт новых курсов. Ждём вас в Центре непрерывного образования ЕАГИ!

**Жаева Р.Р., руководитель Центра непрерывного образования «ЕАГИ-БІЛІМ», к.ф.н., доцент**



***А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтында оқу жылының басы дәстүрлі түрде қуанышқа, шабытқа толы өнер мерекесімен басталды. 11–12 қыркүйек күндері өткен «Дарындылар кастингі» жас буын студенттердің өнерін танытатын жарқын алаңға айналды.***



## Жаңа оқу жылы жаңа дарындар!

Бұл шараның басты ерекшелігі – бірінші курс студенттеріне жаңа ортаға бейімделуге, өз талантын ашуға, белсенді студенттік өмірге қадам басуға мүмкіндік беруінде. Өнер додасында жастар ән айтып, күй тартып қана қоймай, би билеп, өлең оқып, спорттық өнерін паш етті. Лидерлік қабілеттері мен волонтерлік бастамалары да назардан тыс қалмады.

Көрермендерге ерекше әсер қалдырған кезең – заманауи би болды. Биылғы жылы осы бағытқа арнайы бөлім арналды, ал жас бишілер сахнаны шынайы креатив пен құлшынысқа толтырды.

Кастингке қатысқан әрбір студент өз дарынын, сахналық мәдениетін танытып қана қоймай, көрермендерге шаттық пен рухани қуат сыйлады. Алдағы уақытта ең белсенді және қабілетті қатысушылар институттың шығармашылық ұжымдары мен студенттік бірлестіктерінің қатарын толықтыратын болады.

**Шынберген Нұрсұлу Маратқызы, ЕАГИ Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы**

## Жаһанға жол ашқан ұтқырлық

Қыркүйекте Еуразия гуманитарлық институтында академиялық ұтқырлықтың мүмкіндіктеріне арналған мазмұнды ақпараттық кездесу өтті. Бұл шараны шетелде білім алып, баға жетпес тәжірибе жинап келген студенттеріміз – Таллин университеті мен Болу Абант Иззет Байсал университетінде оқып келген Құламан Анель мен Камалова Алия және Индонезиядағы Мұхаммедия Сидоарджо университетінде тәжірибе алмасқан Абаева Ақниетнесібелі ұйымдастырды.

Жиын барысында олар жаңа ортаға бейімделудің қырсыры, оқу бағдарламасын дұрыс таңдау, шетелде баспана табу, білім алуды саяхатпен ұштастыру жөнінде шынайы әрі жүрекжарды әңгімелерімен бөлісті. Шетелдегі алғашқы қадамдарының қиындықтары мен қызықтарын жасырмай жеткізген олардың тәжірибесі тыңдаушыларға ерекше жігер берді.

Кездесудің ең әсерлі тұсы – студенттердің өз замандастарына берген ақыл кеңестері. Бір кездері шетелдік аудиторияға алғаш қадам басқан олар енді өзінен кейінгі буынға бағыт-бағдар көрсетуде. Бұл – ұрпақтар сабақтастығының, білімге деген құштарлықтың жарқын көрінісі.

Залдың толы болуы бірінші курс студенттерінің қызығушылығы мен ынтасын айқын көрсетті. Олар белсенді түрде сұрақ қойып, пікір білдіріп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Бұл – жаңа белестерге ұмтылуға дайындықтың айғағы.

Кездесу соңында шағын викторина ұйымдастырылып, алғашқы 100 қатысушының арасынан үш жеңімпаз анықталды. Жеңімпаздар ЕАГИ-дің фирмалық блокноттарына ие болды.

Осындай басқосулар студенттердің ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, олардың армандарына қанат бітіреді. Академиялық ұтқырлық – тек білім алмасу емес, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу, әлемді тану, өзіңді табу.

**Кавир Диана, ҚТ-22-01**



## Первые шаги в профессию студентов группы Ф-23-01



**Первая практика в жизни каждого студента – это как пробная попытка погружения во взрослую жизнь. Это момент, когда теоретические знания впервые сталкиваются с реальностью, а мечты о профессии начинают приобретать реальные очертания. Практика – это не просто этап в учебном процессе, это настоящее испытание на прочность, на готовность применять знания, брать на себя ответственность и учиться у настоящих специалистов.**

Каждый рабочий день – как новая глава, полная открытий, вопросов, переживаний и маленьких побед. И пусть не всё сразу получается идеально, но именно с таких шагов начинается путь становления настоящего профессионала.

В июне этого года наша группа проходила учебно-ознакомительную практику. Студентам была предоставлена возможность выбора места прохождения практики. Так, часть обучающихся смогла пройти практику на базе крупных банков и других организаций, с которыми были заключены договоры о сотрудничестве. Это позволило каждому студенту получить опыт в соответствии с направлением подготовки и профессиональными интересами.

Студенты проходили практику в различных организациях, в зависимости от выбранного направления и заключённых договоров. Часть студентов получила возможность работать в крупных финансовых учреждениях, таких как: Хоум Кредит Банк и Форте Банк, где они знакомились с особенностями банковской деятельности. Другие же проходили практику в компаниях, чья деятельность была связана с производством и сферой услуг. Среди них были предприятия, занимающиеся производством бетона и тротуарной плитки, металлопрокатом, арендой тяжёлой спецтехники, а также организации, работающие в сфере развлечений. Такой разнообразный выбор мест практики позволил студентам получить представление о работе в разных отраслях экономики и применить теоретические знания в реальных условиях.

Учебно-ознакомительная практика стала важным этапом в профессиональном развитии каждого студента. Она позволила не только применить теоретические знания на практике, но и получить представление о реальной работе в выбранной сфере, развить профессиональные навыки и научиться работать в коллективе. Полученный опыт стал хорошей основой для дальнейшего обучения и подготовки к будущей профессиональной деятельности.

**Жакупова Аружан, студент группы Ф-23-01**



**In February 2025, students of the Eurasian Humanities Institute took part in an academic mobility program in Turkey. Some of us studied at Bolu Abant Izzet Baysal University (BAIBU), while our friends Iskakova Aruzhan and Kenzhaeva Maftuna went to Çanakkale Onsekiz Mart University. Both universities became unique places for learning, discovery, and cultural exchange.**

## Academic Mobility in Turkey: Experiences of Students in Bolu and Зanakkale

In Bolu, I – Beisen Sapar and my dear friends Maratova Asiya, Isliam Alma, Zhalmaganbetova Madina, Bekmurzaeva Zhazira, Maqatai Zhanasyl, Oraz Oryngul, Rakhmetqyzy Zhibek from group SHT-22-01 spent five unforgettable months. The campus impressed us with its beauty and natural surroundings. Classes were held in interactive formats, with materials in Turkish and English, which allowed us to improve our English, learn some Turkish, and communicate freely with international students. Outside the classroom, we actively took part in student life, especially in events with the Kazakh community in Turkey. We celebrated Nauryz together and contributed to the cultural life of the university. During our free time, we explored Bolu and built close friendships with local Kazakh students. We also visited some of Turkey's most beautiful places, including Cappadocia, Ankara, Istanbul, Göynük, Mudurnu, and Antalya.

Meanwhile, in Çanakkale, our friends Aruzhan and Maftuna studied at one of Turkey's most renowned universities. The city, rich in history and picturesque landscapes, provided a perfect platform for their academic and personal growth. The educational process there was organized at a very high level: modern classrooms, well-equipped laboratories, and a valuable university library with resources in many languages. Professors engaged students in discussions, encouraged independent research, and applied interactive teaching methods. Thanks to this approach, our friends not only deepened their knowledge in their field of study but also improved their foreign language skills. Beyond academics, they met peers from different countries, took part in student events, and shared Kazakh traditions with others, which made their studies truly international and inspiring.

Both in Bolu and in Çanakkale, the academic mobility program became a period of discoveries, self-development, and cultural exchange. We learned to be more independent, confident, and open to new opportunities.

**Beisen Sapar student of group SHT-22-01**

Газета Евразийского гуманитарного института им. А.К. Кусаинова “Жас ұрпақ”
**Учредитель:** Ректорат ЕАГИ

Регистрационное свидетельство № 992-Г от 19.12.1999 г.
Выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

**Редактор:** А. Сандыбаева
**Верстка:** А. Загипарова
**Тираж:** 500 экз.
Газет тоқсан сайын шығады.
Выходит ежеквартально.

**Адрес:**
г. Астана, пр. Жумабаева, 4.
**E-mail:** eagi@egi.edu.kz
www.egi.edu.kz